

Халықтың нысаналы топтарының Тізбесі туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 25 маусымдағы № 190 қаулысы. Қостанай облысы Сарыкөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 24 шілдеде № 9-17-80 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 5 қаңтардағы № 2 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2010.01.05 № 2 қаулысымен.

"Халықтың жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына, 7-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31 бабына сәйкес Сарыкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған жұмыспен қамтуға жәрдемдесу үшін халықтың нысаналы топтарына кіретін адамдардың Тізбесі бекітілсін (қосымша).

2. "Сарыкөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарына жататын адамдарды жұмысқа орналастыру жөнінде шараларды көздесін.

3. "Халықтың нысаналы топтарының Тізбесін бекіту туралы" Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2007 жылғы 25 қаңтардағы № 59 (2007 жылғы 6 наурыздағы нормативтік-құқықтық актілер тізілімінде 9-17-40 нөмірімен тіркелген, № 15 "Сарыкөл" газетінде 2007 жылдың 13 сәуірінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп есептелсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С.М. Дүтпаева жүктелсін.

5. Осы қаулы ол алғаш ресми жарияланған күннен он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *Қ. Ғабдулин*

Әкімдігінің

2009 жылғы 25 маусымда

№ 190 қаулысымен

бекітілген

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу үшін халықтың нысаналы топтарына кіретін адамдардың Тізбесі

1. Табысы аз адамдар.
2. Жиырма бір жасқа дейінгі жастар.
3. Балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар.
4. Кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата-аналар.
5. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдары бар азаматтар.
6. Зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған).
7. Мүгедектер.
8. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар.
9. Бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар.
10. Оралмандар.
11. Жұмыс беруші – заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші-жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар жатады.
12. Ұзақ уақыт жұмыс істемейтін азаматтар (бір жыл және одан да көп).
13. *Алынып тасталды.*
14. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер.
15. *Алынып тасталды.*
16. *Алынып тасталды.*
17. *Алынып тасталды.*

Ескерту. Тізбесіне өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2009.10.21 № 288 қаулысымен.